

Үргенішбаев А.*

Phd докторант

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе, Қазақстанe-mail: y_anuar@mail.ru

ORCID: 0009-0009-0259-6278

Иманбаева З.

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе, Қазақстанe-mail: utegen.z.1978@gmail.com

ORCID: 0000-0001-6604-4135

ТҰРАҚСЫЗ ЖАҒАНДЫҚ НАРЫҚТАҒЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада жаһандану үрдісінің белең алуы мен кейінгі уақытта әсіре күшейген геозкономикалық сын-қатерлер жағдайында орын алып отырған халықаралық сауда жүйесіндегі агроөнеркәсіптік кешеннің соңғы жылдары ерекше маңызды сипатқа ие болып жатырған рөлі қарастырылады. Сонымен қатар, аграрлық сауданың қазіргі жай-күйіне кешенді талдау жүргізіліп, дамушы елдердің экспорттық белсенділігінің өсуін, тарифтік емес кедергілердің маңыздылығының артуын және жаһандық жеткізу тізбектерінің құрылымының өзгеруін қоса алғанда, негізгі үрдістер анықталады. Халықаралық экономикалық институттардың статистикалық деректері мен теориялық модельдеріне сүйене отырып, агроөнеркәсіптік секторды жаһандық нарықтың өзгермелі жағдайларына бейімдеу бойынша ұсыныстар тұжырымдалып, климаттық және саяси факторлардың аграрлық сауданың тұрақтылығына әсеріне ерекше назар аударылады. Осы мақаланың негізгі мақсаттарының бірі – халықаралық сауда контекстінде агроөнеркәсіптік сектордың ағымдағы жай-күйі мен даму перспективаларына кешенді талдау жүргізу, негізгі үрдістер мен проблемаларды анықтау, сондай-ақ жаһандық нарықта саланың тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ұсынымдар дайындау. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі демографиялық өсімнің жоғары көрсеткіші қарсаңында шектеулі экономикалық игіліктерді дұрыс пайдалану мен олардың өсімін қамтамасыз ету жолында маңызды мәліметтерге қол жеткізуге және сол мәліметтердің арқасында оң шешімдер қабылдауға септігін тигізеді.

Түйін сөздер: агроөнеркәсіп кешені; халықаралық сауда; экспорт және импорт; сауда кедергілері; азық-түлік қауіпсіздігі; трансұлттық корпорациялар; климаттың өзгеруі.

КІРІСПЕ

Ауыл шаруашылығы әлемдік экономиканың стратегиялық маңызды салаларының бірі болып қала береді. Ол азық-түлік қауіпсіздігін және басқа да байланысты салалар мен өңдеу өнеркәсібі үшін көптеген шикізаттарды қамтамасыз етеді. Табыс көзі орташа және төмен елдерде ауыл шаруашылығы саласында жұмыспен қамту деңгейі жоғары, ал экономикасы дамыған елдерде бұл деңгей айтарлықтай жоғары емес (Smith & Glauber, 2020). Алайда, елдердің осы екі тобы арасындағы өнімділіктегі айырмашылықтар елеулі, сол себепті бұл азық-түлік және ауылшаруашылық өнімдерінің саудасына да әсерін тигізуде. Соңғы онжылдықта ауылшаруашылық өндірісі мен саудасы айтарлықтай өсті. Мұндай өсімді тудырған негізгі факторларға әлем халқының көбеюі, шикізат бағасының өсуі, дамушы елдердегі кедейліктің төмендеуі мен табыстың өсуі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен азық-түлік саудасын либерализациялау саясаты жатады. Пандемия кезінде орын алған жағдайлар ауыл шаруашылығының маңыздылығы фармацевтика өнеркәсібімен бір деңгейде екендігін көрсетті (Gerber et al., 2024).

Дүниежүзілік ауылшаруашылық өндірісі 20 жылдан астам уақыт бойы халықаралық сауданың кеңеюінен көптеген пайдалар көрді. Сенімді сауда желілері халықаралық шекаралар арқылы алуан түрлі ауылшаруашылық өнімдеріне сұраныс пен ұсынысты байланыстырды. Фермерлердің мүдделерін қамтамасыз ете отырып, сауда кедергілерін азайтуға бағытталған жаһандық күш-жігер миллиардтаған тұтынушыларға бұрынғыдан да кеңірек таңдау мүмкіндіктерін берді және бүкіл әлем бойынша ауылшаруашылық тауар өндірушілері мен ауылшаруашылық жерлерінің инвесторлары үшін миллиардтаған қосымша пайда әкелді (Anderson, 2022). Кейінгі кездері орын алып жатырған жаһандық және аймақтық геосаяси оқиғалар халықаралық саудаға тән проблемаларды көрсетті. Дегенмен, халық санының өсуіне және азық-түлік пен жем-шөпке сұраныстың артуына тап болған қарқынды дамып келе жатқан халықаралық сауда әлемдік ауыл шаруашылығы мен ауылшаруашылық жерлеріне салынатын инвестицияларға әлі де оң әсерін тигізеді деп күтілуде.

Жеделдетілген жаһандану жағдайында агроөнеркәсіптік кешен азық-түлік қауіпсіздігіне, әлеуметтік-экономикалық дамуға және халықаралық сауда қатынастарына айтарлықтай әсер ете отырып, әлемдік экономиканың негізгі элементтерінің біріне айналуға. Халықтың өсуі, тұтынушылардың қалауының өзгеруі, технологиялық инновациялар және климаттық өзгерістердің сын-қатерлері алдында аграрлық өнім ішкі нарықтың тұтыну объектісі ретінде ғана емес, сонымен қатар маңызды экспорттық тауар ретінде әрекет ететін жаңа шынайылықты қалыптастыруда. Агроөнеркәсіптік өнімдердің халықаралық саудасы экономикалық, саяси және экологиялық факторлармен анықталатын күрделі құрылыммен және динамикамен сипатталады. Қазіргі жағдайда жаһандық жеткізу тізбегі барған сайын интеграцияланған, дей тұрғанмен пандемия, сауда санкциялары және табиғи апаттар сияқты сыртқы күйзелістерге тап болғанда, әлсіз тұстары әлі де байқалады (Haque et al., 2023).

Зерттеудің мақсаты – негізгі жаһандық және аймақтық проблемаларды анықтаумен қатар геоэкономикалық, климаттық және саяси факторлардың әсерін бағалау мақсатында Қазақстанның агроөнеркәсіптік секторына ерекше назар аудара отырып, халықаралық саудадағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің қазіргі жағдайы мен даму тенденцияларына жан-жақты талдау жүргізу. Сондай-ақ әлемдік нарықтағы сектордың тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған дәлелді ұсыныстарды тұжырымдау.

ӘДЕБИ ШОЛУ

Агроөнеркәсіптік өнімдер азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі, ауылдық аумақтарды дамытудағы және экспорттық кірісті қалыптастырудағы рөлінің арқасында халықаралық саудада стратегиялық орыны ерекше. Әлемдік халық санының өсуі және жаһандық тәуекелдердің күшеюі (климаттық, геосаяси, логистикалық) салдарынан аграрлық сауданың маңызы артып келеді. Әлемдік ғылыми және институционалдық әдебиеттерде аталмыш өнімдердің мәселесі экономикалық тұрақтылық, халықаралық интеграция, азық-түлік қауіпсіздігі және тұрақты даму тұрғысынан қарастырылады.

БҰҰ Азық-түлік және ауылшаруашылығы ұйымының (FAO, 2024) мәліметтері бойынша, әлемдік агро азық-түлік саудасы көлемінің ұлғаюымен ғана емес, сонымен қатар жаһандық құн тізбегінің күрделенуімен де сипатталады. Torreggiani et al., (2018) сөзінше елдер қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді сауда ағындарымен байланысты кластерлердің құрамына кіретін күрделі халықаралық көп деңгейлі сауда желілерінің қалыптасуын анықтайды. Бұл желі тәуелділікті ескеретін тұрақты саясаттың қажеттілігін көрсетеді.

Smith and Glauber (2020) көрсеткендей, сауда саясаты азық-түліктің қолжетімділігіне тікелей әсер етеді. Тарифтер, экспорттық шектеулер, субсидиялар және санкциялар азық-түлік тұрақсыздығы қаупін арттыруы мүмкін. Anderson (2022) байқағандай, климаттық өзгерістік жағдайында мемлекеттер ішкі нарықты қорғау құралы ретінде сауда кедергілерін пайдаланады, бұл жаһандық азық-түлік жүйесінің жұмысын қиындатады.

Xanat et al., (2018) зерттеуіне сәйкес генетика тұрғысынан өзгертілген ағзалар өнімдерінің саудасы саясаттандырудың жоғары деңгейімен және нормативтік-құқықтық режимдердегі айырмашылықтармен сипатталатынын көрсетеді. Бұл әлемдік сауданың құрылымына әсер етеді және компаниялардың жеке нарықтарға қол жетімділігін шектеуі мүмкін.

Қазіргі ғылыми әдебиеттер агроөнеркәсіптік кешеннің және халықаралық сауданың ESG, яғни табиғи, әлеуметтік және басқарушылық факторларды ескермей дамыту мүмкін еместігін атап көрсетеді.

Haque et al., (2023) қайта өңдеу және айналмалы экономика аграрлық сектордың тұрақты дамуының негізгі бағыттарына айналатынын көрсетеді. Қайта өңделген материалдар мен "waste-to-value" технологияларын қосу агроөндірушілердің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін нығайтады.

Gerber et al., (2024) ашық ESG есептілігінің болуы аграрлық компаниялардың жоғары өнімділігімен байланысты екенін көрсетеді. Vuallay (2021) сонымен қатар, экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік кәсіпорындардың өнімділігіне және олардың жаһандық жеткізу тізбегіндегі беделіне оң әсер ететінін растайды.

Қазақстан Үкіметі де агроөнеркәсіп кешенді стратегиялық сала ретінде айқындайды. Бұл аталмыш саланы дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық байқалады. Бағдарламаның негізгі басымдықтары – экспорттық әлеуетті арттыру, өндірісті жаңғырту, қайта өңдеуді қолдау. Сондай-ақ, агроөнеркәсіп кешенді дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамаларының да негізі акценті - экспортты әртараптандыру, цифрландыруды енгізу, орнықтылық пен ресурстық тиімділікті арттыру. Екі құжатта да халықаралық сауда сектордың бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы ретінде қарастырылады.

Президент Қ.К. Тоқаевтың жолдауында (2025) жасанды интеллект жүйелерін, болжамды талдауды және басқару платформаларын енгізуді қоса алғанда, саланы цифрлық трансформациялау қажеттігі атап көрсетілген. Бұл технологиялар ашықтықты арттырып, өнім сапасын жақсартып, Қазақстанның халықаралық саудадағы позициясын нығайтуға тиіс.

ҚР Ұлттық статистика бюросының статистикасы (2024) дәнді, майлы дақылдар мен қайта өңдеу өнімдері экспортының біртіндеп өсуін тіркейді, бұл шикізат және жартылай фабрикат өнімдеріне сұранысты арттырудың жаһандық трендіне сәйкес келеді. Алайда, салалық жаңалықтар ресурстарының материалдары

(Atameken.kz, 2025) қайта өңдеу кәсіпорындары шикізат тапшылығына тап болуда екендігін және бұл дайын өнімнің экспортын шектейтіндігін, сондай-ақ қосылған құнды арттыру және қайта өңдеу тізбектерін жаңарту қажеттілігі туындауда екендігін көрсетеді.


Әлемдік халық санының өсуі азық – түлікке сұранысты арттырады. Мұндай тенденция әсіресе Азия және Таяу Шығыс елдерінің нарығында, яғни Қазақстанның негізгі сауда әріптестерінде байқалуда. Бұл экспортқа мүмкіндіктер туғызады, бірақ сонымен бірге өндіріс пен логистиканың тұрақтылығын жақсартуды талап етеді.

ӘДІСТЕР МЕН МАТЕРИАЛДАР.

Жоғарыда айтқандай, ауыл шаруашылығы саудасы жаһандық азық-түлік жеткізу тізбегінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және ауыл шаруашылығы өнімдерін салыстырмалы түрде басқарылатын кедергілер арқылы тасымалдауға мүмкіндік беретін қарқынды дамып келе жатқан жаһандық сауда желісі шектеулі табиғи ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Ауылшаруашылық өнімдерінің халықаралық саудасы соңғы 20 жылда айтарлықтай өсуді бастан өткерді, бұл ауылшаруашылық өнімдерін өндіру, тасымалдау, байланыс және жеткізу тізбегін басқарудағы технологиялық және ғылыми жетістіктерден, сондай-ақ өнімдердің көлемі мен құнының орасан зор өсуіне себеп болған халықаралық сауда саясатындағы өзгерістерден туындады (Buallay, 2021). Зерттеу барысында салыстырмалы талдау мен статистикалық әдістер кеңінен қолданылды. Теориялық және әдістемелік негіздерді ауылшаруашылық саласындағы мәселелерді қарастыратын шетелдік зерттеушілердің жарияланымдары құрайды, мәліметтер халықаралық және отандық статистикалық ұйымдардан алынды, сондай-ақ жұмыс барысында еліміздің ауылшаруашылық саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілер талданды.

НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУ

1-сурет. Соңғы үш онжылдықтағы әлемдік ауылшаруашылық өндірісі мен экспортының айтарлықтай өсу динамикасы




Ескерту: Біріккен ұлттар ұйымының азық-түлік және шаруашылық ұйымы дереккөздерінен алынды

Соңғы үш онжылдықта (1993-2023) сатылымға шығарылатын ауылшаруашылық тауарларының құны бес есе, яғни 1993 жылғы 328 миллиард доллардан 2023 жылы 1,83 триллион доллардан астам өсті (1-сурет). Мұндай қарқынды өсім көрсеткен сауда белсенділігі ауылшаруашылық тауар өндірушілері мен инвесторлары үшін көптеген құндылықтар тудырды. Мәселен, дүниежүзілік ауылшаруашылық өндірісінің құны төрт еседен астам өсіп, әлем бойынша фермерлер мен агробизнесердің қосымша экономикалық пайдасы 3 трлн доллардан асты. АҚШ Ауылшаруашылығы министрлігінің (USDA, 2023) мәліметінше әлемдік ауылшаруашылық саудасының осындай деңгейде тұрақты түрде өсуі 2000-шы жылдардың басында Ресей мен Қытай сияқты ірі елдерді Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) қабылдау жөніндегі 10 жылға созылған жаһандық күш-жігерден кейін жеделдеді. Қытай елінің 2001 жылы ДСҰ-ға кіргеннен кейінгі соңғы екі онжылдыққа назар аударатын болсақ, 2001-2021 жылдар аралығында ауыл шаруашылығының әлемдік сауда құны жылына 8 пайызға өсті, бұл алдыңғы онжылдықта байқалған орташа 2 пайыздық өсімнен әлдеқайда жоғары. Қытай елінің ДСҰ-ға мүше болуы, яғни экономикасы өсіп келе жатқан және халқы өте көп жаңа тұтыну нарығына қол жеткізу ауыл шаруашылығы саудасының жоғары қарқынмен дамуы және сауда артықшылықтарына ие болуға оң әсерін тигізетінін көрсетті.

Ауылшаруашылық өнімдерінің трансшекаралық саудасын кеңейтудің артықшылықтары өсімдік шаруашылығы секторларында да көрініс табады, өйткені әртүрлі диеталық әдеттері мен мәдени ортасы бар өсіп келе жатқан жаһан халқы барлық фермерлер үшін айтарлықтай сұраныс пен өсу мүмкіндіктерін қамтамасыз етті. БҰҰ Азық-түлік және ауылшаруашылығы ұйымының (FAO, 2024) мәліметіне сәйкес 1993 жылдан 2023 жылға дейінгі 30 жыл ішінде дақылдардың барлық негізгі түрлерінің сауда құны алты есе өсті. Дәнді дақылдар мен майлы дақылдар сияқты тауарлық дақылдар барлық дақылдар экспортының жетекші қозғаушы күші болып, экспорттық құнның 1993 жылғы 45 миллиард доллардан 2023 жылы 265 миллиард доллардан астамға дейін өсуіне септігін тигізді. (Дәнді және майлы дақылдар мал азығы үшін пайдаланылатын негізгі шикізат болып табылады). Халық санының өсуі себебінен қарқынды дамып келе жатырған әлемдік экономикадағы жануарлар ақуызы мен жемдік дақылдарға деген сұраныстың артуы, аталмыш өнімдерді ұсынатын дамушы елдер нарықтарының белсенділігін арттыруда. Соңғы үш онжылдықта қарқынды өсуді бастан өткерген тағы бір өсімдік шаруашылығы саласы - экспорты 640 пайызға өскен жеміс-жидек және жаңғақ. Дамыған және дамушы нарықтардағы табыс деңгейінің артуы, дұрыс тамақтану туралы ақпараттардың белең алуы өз кезегінде жемістер мен жаңғақтарға тұтынушылық сұраныстың артуына әкелді (2-сурет).


2-сурет. Тауарлық дақылдар, жемістер және жаңғақтар мен көкөністердің әлемдік экспорты құнының өсу динамикасы, млрд АҚШ доллары



Ескерту: Біріккен ұлттар ұйымының азық-түлік және шаруашылық ұйымы дереккөздерінен алынды

Дәнді және майлы дақылдар әлемдегі ең көп сатылатын дақылдар санатында. Жүгері мен соя бұршақтарын қоса алғанда, олар мал азығында қолданылатын негізгі дақылдар болып табылады, мұндағы сұраныс ішінара дамыған нарықтардағы тұрақты сұраныс пен дамушы нарықтардағы тұтынудың өсуі салдарынан пайда болған ақуызды тұтынудың артуына байланысты болды. 2004-2023 жылдар аралығында жүгері мен соя экспортының көлемі бес есе өсті, ал жалпы әлемдік ет тұтыну сол кезеңде 33 пайызға өсті. Қытай сияқты дамушы экономикалардың өсіп келе жатқан сұранысы жем-шөп дақылдарының жаһандық саудасының кеңеюіне ықпал етіп қана қойған жоқ, сонымен қатар импорт арқылы ішкі сұранысты қамтамасыз етіп, дамушы нарықтар өздерінің еңбек ресурстарын ауылшаруашылық өндірісінен өнеркәсіп пен қызмет көрсетуге ауыстыра алды, осылайша олардың экономикалық дамуын қолдау үшін ресурстарды оңтайландырды және өз кезегінде жаһандық экономикалық өсуді ынталандырды (FAO, 2024). Әлемдік сұраныс пен сауданың артуы АҚШ пен Бразилияның жүгері мен сояның жетекші экспорттаушылары ретіндегі позициясын нығайтты, сонымен бірге шикізат бағасының өсуіне ықпал етті. Жүгерінің әлемдік бағасы соңғы екі онжылдықта 200 пайызға өсті, ал соя бағасы 144 пайызға өсті. Бұл кеңейтілген тауарлық дақылдар саудасы жүгері мен соя өндірушілері үшін де, ауылшаруашылық жерлерінің инвесторлары үшін де құндылықты қамтамасыз етті, сонымен бірге тауардың көлемі мен бағаның өсуіне ықпал етті. Сол сияқты, ауылшаруашылық жерлерінің құны да өсті, бұл ішінара негізгі жер активтерінің жоғары табыс әкелетін қуатымен қамтамасыз етілді.


3-сурет. Бидай тұқымдастары мен сояның әлемдік экспортының кеңеюі ет тұтынудың артуына ықпал етті. Жүгері мен соя дақылдарының әлемдік экспорттық құны (млрд АҚШ доллары) және ет тұтыну (млн метрикалық тонна)



Ескерту: Халықаралық сауда орталығы дереккөздерінен алынды

Жаһандық нарықта орын алатын халықаралық сауда нарық қатысушыларының арасындағы қарым-қатынасқа тәуелді, соның нәтижесінде геосаяси шешімдер маңызды рөлге ие болып, ауылшаруашылық өнімдерінің сауда-саттығына өз әсерін тигізуде. Соның бір мысалы ретінде 2010 жылдары орын алған АҚШ пен Қытай арасындағы бәсекелестікке талас қазіргі таңға дейін жалғасын табуда, себебі АҚШ тарапынан Қытай тауарларының импортына деген тарифтің көтерілуіне жауап ретінде Қытай өз елінде АҚШ-тың ауылшаруашылық тауарлар импортына баж салығын салды. АҚШ-тың соя өнімдерінің ең ірі сатып алушысы болған Қытай 2018-2019 жылдары сол елдің бұршақтарын сатып алудан толықтай бас тартты. АҚШ-тың соя өнімдерінің едәуір бөлігін сатып алып отырған Қытай елінің бұл әрекеті америкалық фермерлер үшін үлкен қаржылық соққы болды.

4-сурет. Егістік жер ресурстарының азаюы мен ауылшаруашылық тауарларына сұраныстың артуы арасындағы теңгерімсіздік. Дүние жүзіндегі егістік жерлер (гектар) және жан басына шаққандағы ағаш жаңғақтары мен жемістерін тұтыну (индекс, 1965 жылғы деңгей = 1)



Ескерту: Біріккен ұлттар ұйымының азық-түлік және шаруашылық ұйымы дереккөздерінен алынды

Алдағы уақытта әлемдік деңгейде орын алатын геосаяси шиеленістер мен жаһандық ауылшаруашылық нарығындағы қиындықтар күрделене түседі деп күтілуде, дегенмен аталмыш нарықтағы сұраныс мен ұсыныстың ұзақ мерзімді көрсеткіші оның маңыздылығының жоғары деңгейін айқындайды. Сондай-ақ, әлемнің демографиялық жағдайы 2050 жылға таман 25 пайызға, яғни 10 миллиардқа жуықтайды деген болжам орындалса, мұндай өсім өз кезегінде ауылшаруашылық өнімдеріне деген сұранысты арттырмай қоймайды (UN World Population Prospects, 2022).

Алайда егіс алқаптары шектеулі табиғи ресурс ретінде қалып, су тапшылығы уақыт өткен сайын сезіле түсуде. Сұраныстың артуы мен ресурстардың шектеулігі арасындағы теңгерімсіздік ауылшаруашылық өнімдерінің саудасын әлемдік деңгейдегі азық-түлік сұранысын қанағаттандыруда маңызды етеді және аталмыш саладағы өндірушілер мен инвесторларға көптеген мүмкіндіктерге жол ашады.

Ауылшаруашылық өнімдерінің жаһандық нарығында өз орны бар Қазақстан Республикасы - аграрлық ел және оның агроөнеркәсіптік секторы тек оның ішкі ресурстарын ғана қамтамасыз етіп қана қоймай, оның сыртқы нарықтағы позициясын да көрсетеді. Агроөнеркәсіптік сектор ауыл шаруашылығы өнімін өндіру жөніндегі салаларды қоса алғанда, оны қайта өңдеу мен тұтынушыға жеткізуді, сондай-ақ қайта өңдеу өнеркәсібін өндіріс құралдарымен қамтамасыз етеді. Агроөнеркәсіптік кешенде жетекші рөл ауыл шаруашылығы саласына беріледі. Әртүрлі климаттық жағдайлар мен ауыл шаруашылығы мақсатындағы байтақ кең жер аумақтары қоңыржай жылу белдеуінің дақылдарының барлық дерлік түрін өсіруге және мал шаруашылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес ауыл шаруашылығының төмендегідей негізгі салалары бар:

- ауылшаруашылығы салалары үшін өндіріс құралдарын өндіретін және оны техникамен жабдықтайтын салалар, өсімдіктер мен жануарларды қорғау құралдарымен, тыңайтқыштармен, сондай-ақ ауылшаруашылығы саласына өндірістік-техникалық қызмет көрсетумен айналысатын салалар;

- ауыл шаруашылығы шикізатын дайындаумен, сақтаумен, өңдеумен айналысатын және дайын өнімді сату салалары.

- өсімдік шаруашылығы – Қазақстан Республикасының ауылшаруашылық саласының негізі. Елде ішкі нарықта ғана емес, сыртқы нарықта да сатылатын көктемгі сорттық бидай түрі өсіріледі. Күріш, қарақұмық, арпа, сұлы, тары, жүгері сияқты дақылдардың кеңінен тарағандығында атап өткен жөн. Қант қызылшасы мен майлы дақылдарға да айтарлықтай егіс алқаптары бөлінген. Тоқыма өнеркәсібі үшін зығыр мен мақта өсіріледі. Сонымен қатар, картоп, алма, қауын және жүзім сияқты дақылдар да кең тараған;

- мал шаруашылығы – қой, жылқы, түйе, шошқа, ешкі және құс және ірі қара өсіру сияқты бағыттар бойынша дамиды (ет - сүт өндірісі).

Көптеген жылдар бойы мемлекет агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға үлкен көңіл бөлуде. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Үкіметінің негізгі міндеттерінің бірі ұлттық экономиканың негізгі драйверлерінің бірі ретінде агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанда бірқатар бағдарламалық құжаттар әзірленді, және сол бағдарламалардың негізінде аталмыш салада мемлекеттік саясат іске асырылуда.

Осы күнге дейін елімізде 2017-2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешені мемлекеттік даму бағдарламасы жүзеге асырылды. Аталмыш бағдарламаның негізгі мақсатын төмендегідей сараласақ болады:

- 1) ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемін 2 есеге ұлғайту;

- 2) өңделген өнім экспортын 2,5 есе, яғни 2,7 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайту

- 3) тартылатын кредиттік қаражат көлемін 2021 жылға қарай 2017 жылғы деңгеймен салыстырғанда 9 есеге ұлғайту;

- 4) аталған салаға негізгі капиталға инвестициялар ағынын 3 есеге ұлғайту.

Осы бағдарламаны іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттерден көзделген жалпы шығыстар шамамен 2 774,6 млрд теңгені құрады, оның ішінде 2017 жылы - 372,7 млрд теңге; 2018 жылы - 454,4 млрд теңге; 2019 жылы - 507,6 млрд теңге; 2020 жылы - 660,2 млрд теңге; 2021 жылы - 779,5 млрд теңге.

Аталмыш бағдарламадан соң еліміздің тарапынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітілді. Бұл тұжырымдама 2030 жылға дейінгі еліміздің аграрлық секторын даму бағытын, негізгі проблемаларды және дамудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін және тағы басқа да көптеген түйткілді ақпараттарды қамтиды.

Сонымен қатар, бағдарламаны дайындау барысында еліміздің агроөнеркәсіптік кешеніне SWOT талдауы жүргізілген. Себебі кез келген саланың өзіндік артықшылықтары және кемшіліктері, пайдалануға және оны әрі қарай дамытуға болатын мүмкіндіктері мен сыртқы және ішкі факторлар әсерінен төнетін қауіптер болатыны сөзсіз. Дұрыс жасалған талдау сәтті нәтиженің кепілі.

Жүргізілген талдауға сәйкес күшті жақтарына негізінен еліміздің кең байтақ аумағы, суармалы жерлердің ауқымы, астық пен ұн бойынша экспорт көлемі, пайдаланылмай жатқан жайылым жерлерінің көптігі, ауыл халқының үлесінің әлі де едәуірлігі кірген. Дегенмен, кешеннің әлсіз жақтары да жетерлік. Атап айтатын болсақ, тұтыну нарығының кіші болуы, экспорттық тауарлардың жалпы көлемінің жеткіліксіздігі, шикізатты өңдеу деңгейінің төмендігі, су ресурстарының шектеулі болуы сияқты тағы басқа факторлар көрсетілген. Сонымен қатар, еліміздің ұтымды географиялық жағдайын пайдалану, органикалық өнімдерді өндіру мен оларды экспорттау әлеуетінің жоғары болуы сияқты мүмкіндіктері мен халықаралық нарықтағы бәсекелестіктің өсуі, жаһандық климаттың өзгеруі ауыл мен қала тұрғындарының арасындағы өмір сүру теңсіздігінің өсуі сияқты қауіп қатерлерде жоқ емес.

Агроөнеркәсіп саласын дамытудың ең маңызды қадамдарының бірі - ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау. Бұл дегеніміз үкімет немесе өзге де мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары тарапынан ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге тікелей не олар уәкілеттік берген агент арқылы көрсететін қаржылық жәрдем. Мемлекеттік қолдаудың мақсаты – кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін қолайлы экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасау.

Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қолдаудың көптеген түрлері бар. Солардың негізгілеріне тоқталсақ:

- Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көрген шығындардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау. Өнеркәсіптік жылыжай кешенін, қарқынды алма бағын салу және кеңейту, сүт-тауар фермасын құру және кеңейту, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу, кондитерлік өнімдер өндіретін кәсіпорынды кеңейту жобасының паспорттары бойынша инвестициялық салымдардың 25% субсидияланады.

- Қайта өңдеу кәсіпорындарының ауыл шаруашылығы өнімін тереңдетіп өңдеу мақсатымен сатып алу шығындарын субсидиялау. Сары май өндіру үшін сатып алынатын 1 кг сүтке 18 теңге; қатты ірімшік өндіру үшін сатып алынатын 1 кг сүтке 28 теңге субсидияланады.

- Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау. 130 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде ауыл шаруашылығы кооперативінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындар субсидиялауға жатады.


- Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарды аккредиттеуді жүргізу. Дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу шекті есептелген бюджетке төленген қосылған құн салығы бойынша субсидиялау мақсатында оларды кейіннен ұйымдардың есебіне қою арқылы жүзеге асырылады.

- Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы (ҚҚС) шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялау. Есепті жыл үшін ҚҚС бойынша декларацияны табыс ету бойынша салық міндеттемесі орындалғаннан кейін есептелген ҚҚС шегінде бюджетке төленген ҚҚС сомасы және бюджетке төленуге жататын ҚҚС сомасы толық төленгеннен кейін бюджетке төленген ҚҚС сомасы мөлшерінде субсидияланады.

- Ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасын мен технологиялық жабдықтарын сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау. "Технологиялық жабдықтардың кредиттері мен лизингі, ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алу, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау" бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы техникасын, оның ішінде аспалы және тіркеме жабдықтарды сатып алуға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарлары мен негізгі құралдарды сатып алуға, құрылысқа және толықтыруға арналған қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету мақсатында айналым қаражаты 9-10% субсидияланады.

Соңғы жылдары Қазақстанның аграршыларын қолдау айтарлықтай болды: ҚР Ұлттық статистика бюросының (2025) мәліметінше 2019 жылы субсидиялауға 356,3 млрд теңге, 2020 жылы — 384,8 млрд теңге, ал 2021 жылы — 408,7 млрд теңге бөлінді. Жалпы, 2019-2022 жылдары Ауыл шаруашылығын субсидиялауға шамамен 1,15 трлн теңге бағытталды, бұл ретте өсім кейінгі жылдары да жалғасын тапты.


5-сурет. Қазақстандағы аграршыларды жылдар бойынша қолдау көрсеткіші



Ескерту: авторлар дереккөздер негізінде әзірлеген

Алайда қабылданған бағдарламалар мен көрсетіліп жатырған қолдауларға қарамастан, соңғы бес жылда республиканың жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) жалпы көлеміндегі ауылшаруашылық саласының үлесі төмендеген (6-сурет), тіркелген кәсіпорындардың жалпы санындағы жұмыс істеп тұрған ауылшаруашылық кәсіпорындарының үлесі іс жүзінде өзгерген жоқ. Қазақстанның ЕАЭО елдерімен өзара сауда көлемінің өсу үрдісі сақталуда және ауылшаруашылық саласы, негізінен өсімдік және мал шаруашылығы саласында кәсіпорындарының негізгі капиталына инвестициялардың өсуде.

6-сурет. Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық саласы өнімдерінің ЖІӨ-дегі үлесі



Ескерту: авторлар дереккөздер негізінде әзірлеген


2021-2024 жылдары Қазақстанның ЖІӨ-нің нақты өсімі 62,8% құрады, бұл ретте ауылшаруашылық саласының ЖІӨ-дегі үлесі 5,0% - дан 3,88 - ға дейін аздап төмендеген. 2025 жылғы 01 шілдедегі жағдай

бойынша ауылшаруашылық үлесі ЖІӨ-нің жалпы көлемі 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында 1,67% базистік тармақтарға төмендеген кезде 2,21% құрады.

Дегенмен қолдау нәтижелерінің оң өзгерістері де жоқ емес. Қазірдің өзінде еліміздің экспорт географиясы белсенді түрде кеңеюде – отандық агроөнім әлемнің 80 еліне жеткізіледі. Бұл ретте экспорттың 52% - дан астамы қосылған құны жоғары тауарларға тиесілі. Сонымен қатар, салада жаңа агротехнологиялар енгізілуде, соңғы екі жыл ішінде тыңайтқыштарды қолдану көлемі екі есе өсті. Техниканы да жаңартуға көп көңіл бөлінуде. Атап айтсақ, соңғы жылдары 160 млрд теңгеден астам сомаға 7 мың бірлік ауыл шаруашылығы машинасын жеткізуге лизинг шарттары жасалды. Мал шаруашылығы да бір орында тұрмай, дамуда. 3,5 мыңнан астам отандық кәсіпорын шетелдік импорттаушылардың тізіліміне енді, бұл жаңа экспорттық арналарды ашуға септігін тигізуде. Астықты және өзге де ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеудің жаңа жобаларын іске қосу бағыты да кенде емес. Солтүстік Қазақстанда бидайдан глютен және биоотын, Алматы облысында крахмал және оның туындылары өндіріледі. Жақын арада жаңа жобалар Қостанай, Түркістан, Жамбыл облыстарында және Астанада жұмыс істей бастайды деп күтілуде. Олар лизин, биоэтанол, глюкоза-фруктоза шәрбаты және басқа да өнімдерді шығарады деп жоспарлануда (Қазақстан ақпарат агенттігі, 2025).

Мемлекеттік қолдау, отандық ауылшаруашылық өнімдерімен ішкі нарықты толық қамтамасыз ету үшін, әлі де жалғасын табу қажет. Себебі кейбір маңызды ауылшаруашылық өнімдер бойынша әлі де импортқа тәуелділік бар. 2024 жылы Қазақстан 81,7 мың тонна ет экспорттап, 145 мың тонна импорттады. Бұл көрсеткіш импортқа, әсіресе құс етіне тәуелділікті көрсетеді. Импорт бойынша ең ірі серіктестер - Ресей, Бразилия, Беларусь, АҚШ елдері болса, экспорттың негізгі бағыттары -көрші Өзбекстан мен Ресей елдері.

7-сурет. Қазақстан Республикасындағы ет экспорты мен импорты



Ескерту: авторлар дереккөздер негізінде әзірлеген

Жоғарыда айтылғандай, 2024 жылы жалпы көлемі 81 712,1 тонна ет және ет өнімдері экспортталды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 47,7% жоғары. Оның ішінде негізгілері сыыр еті 22,1 мың тонна (2023 жылмен

салыстырғанда 39,8% өсім), қой еті 17,5 мың тонна (2023 жылмен салыстырғанда 2,2 есе өсім), құс еті 42 мың тонна (2023 жылмен салыстырғанда 33,2% өсім)

Ал өз кезегінде ет және ет өнімдерінің импортының жалпы көлемі 2024 жылы 145 мың 601,6 тоннаны құрады. Оның ішінде негізгілері құс еті 135,8 мың тонна (барлық ет импортының 93,3%), сиыр еті 9,3 мың тонна, шошқа еті 4,3 мың тонна, жылқы еті 1,5 мың тонна. Келтірілген мәліметтерден байқауға болатын негізгі тенденциялар, ол импортқа тәуелділік (әсіресе құс етінің) және экспорттың өсуі. Сондай-ақ, соңғы жылдары ішкі нарықта ет өнімдерінің барлық түрлерінің қымбаттау фактілері де орын алуда.

Импортқа тәуелділіктен арылу мәселелерін ел Президенті өзінің кезекті жолдауында да (2025) атап өткен болатын және оның ішінде сүт өнімдеріне деген тәуелділікке баса назар аударды. Оның сөзінше, отандық кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау ЕАЭО елдерінің кәсіпкерлерімен салыстырғанда төмен деңгейде. Сол себепті бәсекеге қабілетсіз болып, өз нарығымызды аталған елдердің кәсіпкерлеріне беріп қойған. 2024 жылы Қазақстанда сүт өндірісі құндық мәнде 5,6% - ға және заттай мәнде 4,5% - ға өсіп, бір жылда 3,63 млн тоннаны құрады (8-сурет). Алайда 2022 жылы барлық түрдегі сүт өндірісінің жалпы көлемі 6,4 млн тоннаны құрады, оның басым бөлігі (4,5 млн тонна) жеке қосалқы шаруашылықтарға тиесілі болған. Шыныменде, соңғы жылдары сүт өндірісінің төмендегенін байқаймыз.

8-сурет - Қазақстан Республикасында өндірілген сүт өнімдерінің көрсеткіштері



Ескерту: авторлар дереккөздер негізінде әзірлеген

Импортқа тәуелділікке түрткі болып отырған Қазақстанда сүт өндірудің негізгі проблемаларына сапалы шикі сүттің тапшылығы, жеткізушілер қатарында жеке қосалқы шаруашылықтардың басым болуына байланысты өндірістің маусымдылығы, сондай-ақ мемлекеттік қолдау мен логистика мәселелері жатады. Шикізат тапшылығы өңдеушілерді импортталған құрғақ сүтті пайдалануға мәжбүр етеді, ал жеке шаруашылықтардан алынған сүттің сапасыздығына байланысты ол терең өңдеуге жарамайды. Ауылшаруашылық кәсіпорындары сүттің аз ғана бөлігін (шамамен 1.5%) өндіреді, ал көп бөлігі (50% - дан астам) маусымдық жұмыс істейтін жеке қосалқы шаруашылықтардан келеді. Жеке шаруашылықтардың сүті көбінесе жинау, сақтау және тасымалдау жүйелеріндегі кемшіліктерге байланысты қайта әрі терең өңдеу үшін кәсіпорындарының талаптарына сәйкес келмейді. Өндірушілер субсидиялардың кешігуіне, бюрократиялық кедергілерге және қаржылық мемлекеттік қолдаудың тиімсіздігіне шағымданады. Кейбір жағдайларда импорттық өнімнің лоббизмі байқалады, бұл қазақстандық өндірушілер үшін бәсекелестікті қиындатады. Логистикада теңгерімсіздік бар, кейбір аймақтардан сапалы сүтті әрқашан сұраныс бар басқа аймақтарға жеткізу әрдайым мүмкін бола бермейді. Қазақстандық өндірушілер өз өнімдерінің маркетингінде проблемаларға тап болады, бұл жеткізілімдердің бұзылуына және ірі сауда желілерінің наразылығына әкеледі.

Бизнес өкілдерінің сөзінше, мұндай кемшіліктер өндірісті құрғақ сүтке және көрші елдерден шикізат сатып алуға мәжбүр етеді. Алдағы уақытта мәселе оң шешімін таппаса, онда сүт өнімдерін өндірушілердің өндіріс айналымын төмендетуге мәжбүр болу қаупі туындайды. Кейбір кәсіпорындар тіпті жұмысын тоқтатып, жабылуы мүмкін. Негізгі болған бірнеше мәселе бар, солардың қатарынан сүттің мөлшерін, сапасын және шикі сүттің бағасын келтіруге болады. Соңғы жылдары шаруа қожалықтарынан сүт жеткізудің динамикалық төмендеуі байқалады. Бұл ретте ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өсуі байқалғанына қарамастан, сүттің жалпы мөлшері төмендеген және бұл өндірушілердің өсуіне қарағанда сүт мөлшерінің тез төмендеуіне әкеледі және де шикі сүттің жетіспеушілігін техникалық регламент бойынша пайдалануға рұқсат етілген құрғақ сүтпен өтеуге тура келеді. Сонымен қатар, табиғи шикізаттың жетіспе-

ушілігінен жазда да құрғақ сүт пайдаланылады. Бұл жағдайды одан әрі шиеленістіре түседі, өйткені ұнтақталған сүт шетелде сатып алынады және өндірушілер көрші ел белгілеген бағаларға тәуелді болады («Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, 2025).

Аталмыш мәселелерді шешудің бір жолы шикі сүт өндірісін ұлғайту қажет. Ал өз кезегінде ондай жұмыстар асыл тұқымды сүтті мал басын көбейтіп, фермаларын құру бойынша бірқатар инвестициялық жобаларды іске асырып, сүттің сапасына тікелей байланысты болатын жемшөп өндірісіне де көп көңіл бөлуді қажет етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы ауылшаруашылық саласы адамзат тарихында ежелден маңызды орын алады. Өркениеттің даму барысымен, көптеген жаһандық ғылыми жаңалықтардың ашылуымен ауылшаруашылығы саласының маңыздылығы кейде ұмыт қалып жататын кездерде болады. Алайда жоғарыдағы зерттеу көрсеткендей, әлем халқы санының өсуі мен жаһандық аренадағы геосаяси тұрақсыздық аталмыш саланың ауадай қажет екендігін тағы бір еске салғандай. Сол себепті де көптеген елдер, әсіресе дамушы елдер өздерінің ауылшаруашылық саласын дамытуда көптеген жұмыстар атқаруда. Себебі аталмыш жұмыстар көптеген оң өзгерістерге түрткі болады, мысалы:

- Кез келген ел үшін өнімдер экспорттау көзі болып табылады, бұл өз кезегінде түсімдерді арттырып, агроөнеркәсіп саласында жаңа жұмыс орындарын құруға әсер етеді;
- Қаржылық капиталды дамытуға және елдің халықаралық аренадағы беделін нығайттырады;
- Агроөнеркәсіп саласында біліктілігі жоғары, шетелдерде біліп алған, халықаралық деңгейдегі мамандар даярлайды;
- Жаңа идеялар мен технологиялардың дамуы: білікті мамандар инновациялар мен ғылыми зерттеулердің дамуына ықпал ететін жаңа идеялар, білім мен технологиялар әкеле алады.

Әрине, әрбір саланың өз кемшіліктері де жоқ емес. Көптеген саланың барлығына ортақ кемшіліктердің негізгілері – жеткілікті түрде қаржыландырудың болмауы, инфрақұрылымның төмен деңгейі және адам капиталы мен білікті мамандардың жеткіліксіздігі. Сонымен қатар, кез келген реформаның түпкілікті нәтижесі оң өзгерістерге алып келуі үшін жай ғана жоспарлау жеткіліксіз. Басты мақсат қабылданған бағдарламалардың өз деңгейінде орындалуы. Дегенмен, дамыған елдердің нарық сұранысы мен дамушы елдердің ұсынысы арасындағы теңгерімділік нәтижесінде бұл сала қарқынды дамып, соңғы онжылдықтарда жаһандық экономиканың дамуының негізгі тірегіне айналды. Және де бұл үрдіс жалғасын таба беретіндігіне ешқандай күмән жоқ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Anderson, K. (2022). Trade-related food policies in a more volatile climate and trade environment. *Food Policy*, 109, 102253. <https://doi.org/10.1016/j.foodpol.2022.102253>
2. Buallay, A. (2021). Sustainability reporting and agriculture industries' performance: Worldwide evidence. *Journal of Agribusiness in Developing and Emerging Economies*, 12(5), 769–790. <https://doi.org/10.1108/JADEE-10-2020-0247>
3. Food and Agriculture Organization of the United Nations, (2024). Электрондық ресурc. - URL:<https://www.fao.org/statistics/data-collection/general/en>
4. Gerber, R., Smit, A., & Botha, M. (2024). An evaluation of environmental, social, and governance reporting in the agricultural sector. *Business Strategy & Development*, 7(1), e316. <https://doi.org/10.1002/bsd2.316>
5. Haque, F., Fan, C., & Lee, Y.-Y. (2023). From waste to value: Addressing the relevance of waste recovery to agricultural sector in line with circular economy. *Journal of Cleaner Production*, 415, 137873. <https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2023.137873>
6. Smith, V. H., & Glauber, J.W. (2020). Trade, policy, and food security. *Agricultural Economics*, 51, 159–171. <https://doi.org/10.1111/agec.12547>
7. Torreggiani, S., Mangioni, G., Puma, M. J., & Fagiolo, G. (2018). Identifying the community structure of the food-trade international multi-network. *Environmental Research Letters*, 13(5), 054026.
8. Xanat, V. M., Jiang, K., Barnett, G. A., & Park, H. W. (2018). International trade of GMO-related agricultural products. *Quality & Quantity*, 52(2), 565-587.
9. United States Department of Agriculture, Economic Research Service. (2023). Электрондық ресурc. - URL:<https://www.ers.usda.gov/publications?series=research-reports>.
10. United Nations. (2022). *World Population Prospects*. Электрондық ресурc. - URL:<https://population.un.org/wpp/>
11. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы. (2025). Шикі сүт тапшы: Фермерлер дабыл қақты. Электрондық ресурc. – URL:<https://atameken.kz/ru/news/50061-deficit-syr-ya-obsudilikaragandinskie-pererabatyvayushie-predpriyatiya> (жүгінген күні – 17.10.2025).

12. Қазақстан ақпарат агенттігі. (2025). Қазақстанда астық пен басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу бойынша жаңа жобалар қолға алынууда. Электрондық ресурс. – URL:<https://apk-news.kz/news/item-5802> (жүгінген күні – 17.10.2025).

13. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. (2025). Электрондық ресурс. – URL:<https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-forrest-village-hunt-fish/> (жүгінген күні – 14.11.2025)

14. Қазақстан Республикасының Үкіметі. (2018). «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» 2018 жылғы 12 шілдедегі № 423 қаулы. / Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық жүйесі. Электрондық ресурс.-URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000423> (жүгінген күні – 18.11.2025).

15. Қазақстан Республикасының Үкіметі. (2021). «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №960 қаулы. / Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық жүйесі. Электрондық ресурс. – URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960> (жүгінген күні – 18.11.2025).

16. Тоқаев, Қ.Ж. (2025). «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Электрондық ресурс. – URL:<https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-kazahstan-v-epohu-iskusstvennogo-intellekta-aktualnye-zadachi-i-ih-resheniya-cherez-cifrovuyu-transformaciyu-885145> (жүгінген күні – 17.10.2025).

REFERENCES

1. Anderson, K. (2022). Trade-related food policies in a more volatile climate and trade environment. *Food Policy*, 109, 102253. <https://doi.org/10.1016/j.foodpol.2022.102253>

2. Buallay, A. (2021). Sustainability reporting and agriculture industries' performance: Worldwide evidence. *Journal of Agribusiness in Developing and Emerging Economies*, 12(5), 769–790. <https://doi.org/10.1108/JADEE-10-2020-0247>

3. Food and Agriculture Organization of the United Nations, (2024). Электрондық ресурс. - URL:<https://www.fao.org/statistics/data-collection/general/en>

4. Gerber, R., Smit, A., & Botha, M. (2024). An evaluation of environmental, social, and governance reporting in the agricultural sector. *Business Strategy & Development*, 7(1), e316. <https://doi.org/10.1002/bsd2.316>

5. Haque, F., Fan, C., & Lee, Y.-Y. (2023). From waste to value: Addressing the relevance of waste recovery to agricultural sector in line with circular economy. *Journal of Cleaner Production*, 415, 137873. <https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2023.137873>

6. Smith, V. H., & Glauber, J.W. (2020). Trade, policy, and food security. *Agricultural Economics*, 51, 159–171. <https://doi.org/10.1111/agec.12547>

7. Torreggiani, S., Mangioni, G., Puma, M. J., & Fagiolo, G. (2018). Identifying the community structure of the food-trade international multi-network. *Environmental Research Letters*, 13(5), 054026.

8. United States Department of Agriculture, Economic Research Service. (2023). Электрондық ресурс.- URL:<https://www.ers.usda.gov/publications?series=research-reports>.

9. United Nations. (2022). World Population Prospects. Электрондық ресурс.- URL:<https://population.un.org/wpp/>

10. Xanat, V. M., Jiang, K., Barnett, G. A., & Park, H. W. (2018). International trade of GMO-related agricultural products. *Quality & Quantity*, 52(2), 565-587.

11. «Atameken» Qazaqstan Respublikasynyñ Ұлттық кәсіпкерлер palatasы. (2025). Шікі сүт тапсы: Фермерлер даял қақты. Электрондық ресурс. – URL:<https://atameken.kz/ru/news/50061-deficit-syr-ya-obsudili-karagandinskije-pererabatyvayushie-predpriyatiya> (жүгінген күні – 17.10.2025).

12. Qazaqstan aqparat agenttigi. (2025). Qazaqstanda astyq pen basqa da auyl шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу бойынша жаңа жобалар қолға алынууда. Электрондық ресурс. – URL:<https://apk-news.kz/news/item-5802> (жүгінген күні – 17.10.2025).

13. Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau және reformalar agenttiginin Ұлттық статистика бюросы. (2025). Электрондық ресурс. – URL:<https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-forrest-village-hunt-fish/> (жүгінген күні – 14.11.2025)

14. Qazaqstan Respublikasynyñ Үкіметі. (2018). «Qazaqstan Respublikasynyñ agroönerkәсіptik keshenin damytudyñ 2017 – 2021 jylдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» 2018 жылғы 12 шілдедегі №423 қаулы. (2018). / Qazaqstan Respublikasy normativtik құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық жүйесі. Электрондық ресурс.-URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000423> (жүгінген күні –18.11.2025).

15. Qazaqstan Respublikasynyñ Үкіметі. (2021). «Qazaqstan Respublikasynyñ agroönerkәсіptik keshenin damytudyñ 2021 – 2030 jylдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №960 қаулы. (2021). / Qazaqstan Respublikasy normativtik құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық жүйесі. Электрондық ресурс. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960> (жүгінген күні – 18.11.2025).

16. Тоқаев, Қ.-J. (2025). «Жасанды интеллект дәуіріндегі Qazaqstan: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Qazaqstan halқына Joldaуы. Электрондық ресурс. – URL:<https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-kazahstan-v-epohu-iskusstvennogo-intellekta-aktualnye-zadachi-i-ih-resheniya-cherez-cifrovuyu-transformaciyu-885145> (жүгінген күні – 17.10.2025).

ВАЖНОСТЬ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ ПРОДУКЦИИ НА НЕСТАБИЛЬНОМ МИРОВОМ РЫНКЕ

Үргенішбаев А.*

Phd докторант
Актюбинский региональный университет
имени К. Жубанова,
Актобе, Казахстан
e-mail: y_anuar@mail.ru
ORCID: 0009-0009-0259-6278

Иманбаева З.

к.э.н, ассоциированный профессор
Актюбинский региональный университет
имени К. Жубанова,
Актобе, Казахстан
e-mail: utegen.z.1978@gmail.com
ORCID: 0000-0001-6604-4135

Аннотация

В статье рассматривается роль агропромышленного комплекса в системе международной торговли, которая в последние годы приобретает особенно значимый характер, что происходит в условиях нарастающей тенденции глобализации и нарастающих в последнее время в геоэкономических вызовов. Кроме того, проведен комплексный анализ современного состояния аграрной торговли, выявлены основные тенденции, включая рост экспортной активности развивающихся стран, повышение значимости нетарифных барьеров и изменение структуры глобальных цепочек поставок. На основе статистических данных и теоретических моделей международных экономических институтов сформулированы рекомендации по адаптации агропромышленного сектора к изменяющимся условиям глобального рынка, особое внимание уделяется влиянию климатических и политических факторов на устойчивость аграрной торговли. Одной из основных целей данной статьи является проведение комплексного анализа текущего состояния и перспектив развития агропромышленного сектора в контексте международной торговли, выявление основных тенденций и проблем, а также подготовка рекомендаций для повышения устойчивости и конкурентоспособности отрасли на глобальном рынке. Результаты проведенных исследований показывают, что высокий показатель демографического роста способствует достижению важных данных по правильному использованию ограниченных экономических благ и обеспечению их роста, а также принятию позитивных решений благодаря этим данным.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс; международная торговля; экспорт и импорт; торговые барьеры; продовольственная безопасность; транснациональные корпорации; изменение климата.

THE IMPORTANCE OF AGRICULTURAL PRODUCTS IN AN UNSTABLE GLOBAL MARKET

Urgenishbayev A.*

PhD Doctoral Student
K.Zhubanov Aktobe regional university,
Aktobe, Kazakhstan
e-mail: y_anuar@mail.ru
ORCID: 0009-0009-0259-6278

Imanbayeva Z.

c.e.s, associate professor
K.Zhubanov Aktobe regional university,
Aktobe, Kazakhstan
e-mail: utegen.z.1978@gmail.com
ORCID: 0000-0001-6604-4135

Abstract

The article discusses the role of the agro-industrial complex in the system of international trade, which in recent years has acquired a particularly important character in the context of the intensification of the globalization process and subsequent geo-economic challenges. In addition, a comprehensive analysis of the current state of agricultural trade was carried out and key trends were identified, including the growth of export activity of developing countries, the increase in the importance of non-tariff barriers and changes in the structure of global supply chains. Based on statistical data and theoretical models of international economic institutions, proposals are formulated to adapt the agro-industrial sector to the changing conditions of the global market, and special attention is paid to the influence of climatic and political factors on the stability of agricultural trade. One of the main goals of this article is to conduct a comprehensive analysis of the current state and prospects for the development of the agro – industrial sector in the context of international trade, identify key trends and problems, as well as prepare recommendations to increase the stability and competitiveness of the industry in the global market. The results of the conducted research will help to achieve important data on the correct use of limited economic benefits and ensuring their growth on the eve of high demographic growth, and make positive decisions thanks to these data.

Key words: agro-industrial complex; international trade; export and import; trade barriers; food security; transnational corporations; climate change.